# SARYARQA

22 мамыр, 2026 жыл

Saryarqa.info

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ ● 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№ 18 (8481)


# 30 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



**Отбасы күні қарсаңында Сәтбаев қаласында баспана кезегінде тұрған азаматтарға жаңа тұрғын үйдің кілті табысталды. Жалпы ауданы 2000 шаршы метрге жуық бес қабатты 30 пәтерлі тұрғын үй ел игілігіне берілді.**

Қоныс иелерін құттықтаған Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков өңірде халықты жайлы баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, тұрғын үй құрылысына жергілікті бюджетпен қатар инвестициялық мүмкіндіктер де кеңінен тартылып жатқанын қаперге салды:

«Облысымыз құрылған уақыттан бері 365 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Ал биыл 100 мың шаршы метрге жуық баспананың құрылысы аяқталады деп күтілуде. Бұл тағы 800-ден астам отбасының жаңа қонысқа ие болуына мүмкіндік береді.

Осындай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде өңіріміз биылғы қаңтар-наурыз айларындағы республикалық көрсеткіш бойынша құрылыс көлемінің өсімі жағынан көшбасшылар қатарынан көрінді» – деді өз сөзінде.

Жаңа баспаналы болған отбасылар қуаныштарын бөлісіп, көрсетіліп жатқан қолдау үшін ризашылықтарын білдірді. Айта кетейік, өңірде тұрғын үй құрылысының қарқыны жыл сайын артып келеді. Бұл халықтың әл-ауқатын жақсартуға және әлеуметтік мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

# ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНДА ӨСІМ БАР

**Жыл басынан бері Ұлытау облысының экономикалық өсім қарқыны 120,3%-ды құрап, республика бойынша 2-орынға көтерілді.**




Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 96,8% болып, облыс небәрі 19-орында болған.

Мұндай өсім экономиканың негізгі салаларында, яғни, құрылыс жұмыстарының көлемі 3,7 есеге, негізгі капиталға салынған инвестициялар 2,6 есеге, өнеркәсіп өндірісі 15,7%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі 8,7%-ға артуымен оң динамикаға сеп болып отыр.

# ЖАЛПЫОБЛЫСТЫҚ СЕНБІЛІК

**Ұлытау облысында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жалпыоблыстық сенбілік ұйымдастырылды.**



Тазалық шарасына өңір бойынша 120 ұжымнан 1230 адам қатысып, 40 арнайы техника жұмылдырылды.

Сенбілік барысында 100 тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық шығарылып, 75 ағаштың бұталары қырқылды. Сонымен қатар, облыс аумағында 1000-ға жуық көшет отырғызылды.

Экологиялық акцияның басты мақсаты – қоршаған ортаның тазалығын сақтау, елді мекендердің көркін жақсарту және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

**Ақтілек АҚТАҢГЕР,**

***(Ақпараттар Ұлытау облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары негізінде әзірленді).***

**Орталық коммуникациялар қызметінде Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Нұртас Кәріпбаевтың қатысуымен баспасөз конференциясы ұйымдастырылды. Сұрақ-жауап форматында өткен жиында Ұлытау облысындағы инвестициялық жобалар мен реновация бағдарламасының жүзеге асу мәселесі өзек болды.**




# МАҚСАТ – ӨҢІРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Әуелі облыс әкімінің орынбасары Нұртас Ғалымұлының хабарламасы тыңдалды. Оның баяндауынша, қазіргі кезеңде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы олардың инвестициялық тартымдылығына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Ұлытау облысы табиғи ресурстарға бай, тарихи-мәдени мұрасы терең және өнеркәсіптік әлеуеті жоғары өңір ретінде ерекше маңызға ие. Облыстың инвестициялық әлеуетін дамытуда бірқатар негізгі бағыттарды атап өтуге болады. Біріншіден, тау-кен металлургия кешенін жаңғырту және әртараптандыру маңызды. Ұлытау өңірінде пайдалы қазбалардың мол қоры шоғырланған, бұл өз кезегінде ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, көлік-логистикалық инфрақұрылымын жетілдіру – инвестиция тартудың негізгі факторларының бірі. Заманауи жолдар, теміржол байланыстары және цифрлық инфрақұрылым инвесторлар үшін қолайлы орта қалыптастырады. Үшіншіден, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру қажет. Бұл бағытта мемлекеттік қолдау шараларын күшейту, жеңілдетілген қаржыландыру құралдарын ұсыну және кәсіпкерлік экожүйені дамыту өзекті болып табылады. Төртіншіден, туризм саласын дамыту – өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырудың тиімді жолдарының бірі. Ұлытау тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өңір ретінде ішкі және сыртқы туризмді дамытуға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, инвесторлар үшін ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету, әкімшілік кедергілерді азайту және «бір терезе» қағидатын тиімді іске асыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша облыстың негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі 260 млрд теңгені, нақты көлем индексі 3,4%-ға өсті. Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларында инвестиция көлемі 40,6 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7 есеге артты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 95,4 млн АҚШ доллар. Сыртқы істер министрлігі бекіткен 51 млн долларға жоспар 187-ге асыра орындалды, өңірге шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жоғары нәтиже қамтамасыз етілді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Президентінің инвестициялар тарту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру шеңберінде нақты жобаларды іске асыру бойынша бірқатар шетелдік компаниялармен келіссөздер жүргізілуде. Нәтижесінде өңірге тікелей шетелдік инвестицияларды тарту, жаңа өндірістер ашу және экономиканы әртараптандыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғасуда.

## ІЛКІМДІ ЖОБАЛАР

2025 жылы облыста 457 жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 40 млрд теңгеге 7 инвестициялық жоба іске қосылды. Оның қатарында жел электр станциясы – 23,5 млрд теңге, респираторлар өндіру цехы – 900 млн теңге, геологиялық кластердің құрылысы – 10 млрд теңге, «Вояж» қонақ үй кешенінің құрылысы – 1 млрд. теңге, мұнай базасын салу – 3,5 млрд теңге, флотация әдісімен кенді байыту жөніндегі өндірістік кешен – 603 млн теңге, жемшөп және көкөніс дақылдарын өндіру кешені – 638 млн теңге жобалары бар. 2026 жылы жалпы құны 11,8 млрд теңге болатын 200-ге жуық жұмыс орнын құруды көздейтін 4 ірі жобаны пайдалануға беру жоспарлануда. Атап айтсақ, тау-кен байыту фабрикасын салу және көмірді байыту – 7 млрд теңге (пайдалануға беру – 20.09.2026), асфальт-бетон зауытының құрылысы - 2 млрд теңге (пайдалануға беру – 30.08.2026), сақтау қуаты бір мезгілде 10 000 тоннаға дейінгі көкөніс қоймасын салу – 2 млрд теңге (пайдалануға беру – 08.10.2026), қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату және көму полигоны базасында қағаз, пластик және резеңке техникалық бұйымдардың қалдықтарын қайта өңдеу – 840 млн теңге (пайдалануға беру – 25.12.2026).


►*3-бетте*



БАСПАСӨЗ - 2026

*Ұлытау облыстық «SARYARQA» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр*

⇨ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІМЕН:
- 1 жылға – 7000 теңге;
- 6 айға – 4000 теңге.

⇨ РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ:
- 1 жылға – 5000 теңге;
- 6 айға – 3000 теңге.

⇨ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІМЕН:
- 1 жылға – 10000 теңге;
- 6 айға – 6000 теңге.

⇨ РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ:
- 1 жылға – 8000 теңге;
- 6 айға – 4000 теңге.

Есепшотқа аудару үшін РЕКВИЗИТТЕР:

«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС
БИН: 050340007333
ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ, ЕСЕНБЕРЛИН КӨШЕСІ, 63/3
ИИК: KZ098560000005225027
«Центр Кредит Банк» АҚ
БИК: KCJBKZKX
«Kaspi Bank» АҚ, «Halyk Bank» АҚ
8 777 890 22 58 Жаннур Т.

Индекс 65608 (жеке тұлғалар үшін),

Индекс 66608 (заңды тұлғалар үшін).

*Сондай-ақ, газетімізге «Қазпочта» АҚ бөлімшелерінен жазылуға болатынын хабарлаймыз.*

# ВОРКАУТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ



**Ұлытау ауданының Қоскөл ауылында жаңа воркаут алаңы ашылды.**

Жаңа нысан алаңында тұрғындардың дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылдануына барлық қажетті жағдай жасалған.



Жаңа нысан былтыр пайдалануға берілген жабық футбол алаңының жанынан бой көтерді. Бұл – ауылдағы спорт инфрақұрылымын кешенді түрде дамытуға бағытталған маңызды бастама. Алдағы уақытта аумақты абаттандыру жұмыстары жалғасып, аталмыш мекенді ауыл тұрғындары мен жастар жиналатын заманауи спорттық-мәдени демалыс орнына айналдыру жоспарлануда.

# МАҚСАТ – БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ




**Ұлытау облысында жасанды интеллект технологияларын білім беру үдерісіне енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.**

Облыстың 87 білім беру ұйымында жасанды интеллект элементтері «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндері аясында, сондай-ақ пәндік оқыту барысында көмекші құрал ретінде қолданылуда. Білім беру ұйымдарында Testter.kz (EdooX.com), BilimLand, Google Workspace for Education платформасындағы Gemini жүйесі, Roqed AI, Aqyl AI платформалары пайдаланылып, білім алушыларды ҰБТ, МОДО және халықаралық зерттеулерге (PISA, TIMSS, PIRLS) даярлау жүзеге асырылуда. Платформалар арқылы оқу жетістіктерін талдау, білім олқылықтарын анықтау, жеке оқу траекториясын қалыптастыру және интерактивті цифрлық контент әзірлеу мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Бұл білім сапасын арттырып, оқу процесінің тиімділігін күшейтуде.

# ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



**Ұлытау облысында педагогтердің жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша оқытылуы жүйелі түрде жүзеге асырылуда.**

Білім беруді цифрлық трансформациялау бағдарламаларын іске асыру шеңберінде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы педагогтерге білім беру үдерісінде ЖИ-ді тиімді пайдалану бойынша 3 000 педагогке оқыту ұйымдастырды.

Сонымен қатар, «USTAZGA AI» жобасы аясында AMANAT партиясымен бірлесіп 547 педагогке мамандандырылған біліктілікті арттыру курстары өткізілді.

Аталған курстар практикалық бағытта құрылып, ЖИ құралдарын сабаққа енгізу, инновациялық әдістерді қолдану және оқу үдерісінің цифрлық трансформациясын қамтамасыз етуге арналған.

Жалпы, облыс бойынша 5 341 педагогтің 3 547-сі цифрландыру және жасанды интеллектіні қолдану бағыттары бойынша оқытудан өтті. Бұл көрсеткіш облыс педагогтерінің 66 пайыздан астамын қамтиды.

Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік алаңдарда жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары, деректерді қорғау талаптары және академиялық адалдық қағидаттары түсіндіріліп, оқу процесіне ЖИ элементтерін кезең-кезеңімен енгізу бойынша практикалық ұсынымдар берілуде.

# ИНТЕРНЕТ САПАСЫ – ЦИФРЛЫҚ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ

**Ұлытау облысының барлық 87 білім беру ұйымы интернет желісіне тұрақты түрде қосылған. 2025 жылы 46 мектеп пилоттық режимде Starlink жерсеріктік технологиясына қосылып, шамамен 150 Мбит/секунд жылдамдыққа қол жеткізді.**




Бұл шалғай ауыл мектептеріндегі оқушылардың сапалы цифрлық білім ресурстарына тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Білім беру жүйесін кешенді цифрлық трансформациялау – уақыт талабы. Жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану арқылы оқыту сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби әлеуетін күшейту және әрбір оқушыға сапалы білім беру мүмкіндігі кеңейе түседі. Ұлытау облысында жүзеге асырылып жатқан бастамалар білім беру саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Алдағы уақытта пилоттық жобалардың нәтижесі еліміздің барлық өңірінде кезең-кезеңімен енгізіліп, цифрлық білім беру жүйесінің толыққанды моделі қалыптасады деп күтілуде.

**Актілек АҚТАҢГЕР,**

***(Ақпараттар Ұлытау облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдаары негізінде әзірленді).***

# АЙМАҚ




**● СӘТБАЕВ *қаласы***

## АВТОСУАРУ ЖҮЙЕСІ ТОЛЫҚ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Қала әкімдігі тарапынан жүзеге асырылған жаңа экологиялық бастама – жерасты сулары арқылы автосуару жүйесі – нақты іске айналды. Бұл қалада алғаш рет қолға алынған жоба болып табылады.**

Жоба аясында қала бойынша 6 ұңғыма қазылып, қажетті дайындық жұмыстары жүргізілді. Бүгінде Ерден көшесінде жаңа жүйе толық жұмыс істеп тұр. Жасыл желектер тұрақты түрде суарылып, көгалдандыру жұмыстарының сапасы артты.

Жерасты су көздерін тиімді пайдалану арқылы жүргізіліп отырған бұл жоба қала аумағын күтіп ұстау мен жасыл аймақтарды дамыту ісінде жүйелілік орнатуға мүмкіндік берді. Қала әкімдігінің хабарлауынша, жоба толық бақылауда және алдағы уақытта да қаладағы жасыл аймақтарды дамыту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасады.

Қала тұрғындары жаңа жүйенің іске қосылуын жоғары бағалап, бұл бастаманың экологиялық тұрғыдан да, қала көркіне қосқан үлесі жағынан да маңызды екенін атап өтуде.

Жобаның сәтті жүзеге асуы – қаладағы жасыл желекті қорғау мен дамытуға арналған тұрақты қадамдардың бірі екені сөзсіз.

**● ҚАРАЖАЛ *қаласы***

## ЖӘЙРЕМНІҢ ЕРКЕСІ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ!

**Өңіріміздің спортсүйер қауымы үшін қуанышты жаңалық! Жәйремдік балуан қыз – Еркежан Наукенова Азия және Океания чемпионатында ел намысын абыроймен қорғап, +72 келі салмақ дәрежесінде алтын жүлдеге ие болып, Азия чемпионы атанды.**

Халықаралық додада жоғары шеберлік пен мықты дайындық көрсеткен Еркежан барлық қарсыластарынан басым түсіп, көк байрағымызды биікке көтерді. Бұл – тек облысымыздың ғана емес, күллі қазақ елінің мерейін үстем еткен айтулы жеңіс.

Ұлытау облысының намысын лайықты қорғаған спортшының бұл жетістігі – жастарға үлгі боларлық үлкен еңбек пен табандылықтың жемісі. Еркежанның жеңісі туған жер тұрғындарына зор қуаныш сыйлап, ел мақтанышына айналды.

Спортшының осындай биік белесті бағындыруына бапкері Мөлдір Сәтжанованың да қосқан үлесі зор. Шәкіртін үздіксіз дайындап, үлкен доդаға жігерлендіріп, жеңіске жетелеуде бапкер еңбегі ерекше.

– Еркежанның жеңісі – маңдай тер мен тынымсыз жаттығудың нәтижесі. Осындай дарынды шәкірт тәрбиелеп отырған жаттықтырушыға да алғыс мол, – дейді жанкүйерлер.

Еркежан Наукенованың бұл тарихи жетістігі – өңір спортының дамуына серпін беретін жарқын жеңіс.

**● ҰЛЫТАУ *ауданы***

## ТҮЛЕКТЕРДІҢ ТУҒАН АУЫЛҒА ТАРТУЫ

**Қаракеңгір ауылында туған жерге деген жанашырлықтың жарқын үлгісі көрініс тапты. Ауылдың әр жылдардағы мектеп түлектері елге деген құрметін нақты іспен дәлелдеп, ауылдың көркеюіне өз үлестерін қосуда.**

Атап айтқанда, 1996 жылғы мектеп түлектері мектеп бітіргендеріне 30 жыл толуына орай ауылдың кіреберісіне сәнді арка орнатып, туған жерге тарту жасады. Арканың салтанатты ашылу рәсіміне ауыл ақсақалдары, тұрғындар, қонақтар мен түлектер қатысып, ақжарма тілектерін арнады.

Жиында сөз алған ауыл үлкендері мұндай игі істердің жас ұрпаққа үлгі екенін айтып, туған жерге деген құрмет пен перзенттік парыздың маңызын атап өтті. Жаңа арка ауылдың ажарын ашып қана қоймай, ел бірлігінің де белгісіне айналды.

Сонымен қатар, Қаракеңгір ауылының 1988 жылғы азаматтары да ауыл игілігі жолында ауқымды бастама көтерді. Мектеп бітіргендеріне 20 жыл толуына орай олар ауыл орталығында жаңа сахна құрылысын жүргізуде. Жаңа нысан ауыл тұрғындарына арналған мәдени-көпшілік шараларды өткізуге мүмкіндік береді деп күтілуде. Сахнаның салтанатты ашылуы биылғы 23 мамырға жоспарланған. Бұл – ауыл мәдениетінің дамуына қосылған маңызды үлес болмақ.

Туған жердің гүлденуіне атсалысып жүрген азаматтардың мұндай игі істері ауыл тұрғындарының ризашылығына ие болуда. Қаракеңгірлік түлектердің бұл бастамалары ел бірлігі мен туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі.

**● ЖАҢААРҚА *ауданы***

## МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

**Байдалы би ауылында қайта жаңғыртудан өткен мәдениет үйінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығы аясында жүзеге асқан игі жоба ауыл тұрғындарына зор қуаныш сыйлап, өңірдің рухани өміріне тың серпін берді.**

Жоба Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, мәдениет үйіне 50 миллион теңге көлемінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде ғимарат толықтай жаңарып, заманауи талаптарға сай жабдықталды.

Жаңартылған мәдениет үйіне LED-экран, теледидар, жұмсақ жиһаздар орнатылып, тұрғындардың еркін жұмыс істеуіне және басқосуына арналған коворкинг орталығы ашылды. Сонымен қатар, ғимаратқа күн сәулесінен қуат алатын арнайы қондырғы қойылып, энергияны үнемдеудің тиімді жүйесі енгізілді.

Салтанатты шараға аудан әкімі Қанат Қожықаев, жоба басшысы Асхат Жұмабаев және облыстық үйлестіруші Қанатбек Зертүймеев қатысып, ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Шара барысында сөз сөйлеген азаматтар мәдениет үйінің жаңаруы ауылдың қоғамдық және рухани өмірін жандандыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Енді мұнда мәдени-көпшілік шаралар, кездесулер мен шығармашылық кештер заманауи деңгейде ұйымдастырылатын болады.

Ауыл тұрғындары да жаңа мәдениет ошағының ашылуын үлкен қуанышпен қабылдап, ел игілігі жолындағы жұмыстарға ризашылықтарын білдірді. Жаңарған мәдениет үйі – ауылдың мәдени тынысын кеңейтетін маңызды нысандардың біріне айналмақ.

**«SARYARQA» ақпарат.**

# МАҚСАТ – ӨҢІРДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

*(Соңы. Басы 1- бетте).*

Қазіргі уақытта құны 49 млрд теңгені құрайтын, 24 жұмыс орнын қамтитын «Ұлытау облысында PetroKazakhstan компаниясымен бірлесіп, энергия сақтау жүйесі бар қуаты 100 МВт жел электр станциясын салу» («Самрук-Энерго» АҚ) жобасы жоспарлануда. Жалпы ұлттық цифрлық инвестициялық платформа шеңберінде жалпы сомасы 558 млрд теңгеге 38 инвестициялық жоба қалыптастырылды, олар 2030 жылға дейін іске асырылатын болады. Осы жобаларды іске асыру нәтижесінде екі мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру жоспарлануда.

Ұлытау облысында инвестициялық ахуалды жақсарту және экономикалық өсімді қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Негізгі мақсат – өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, жаңа өндірістерді іске қосу және тұрақты жұмыс орындарын құру. Қазіргі таңда инвестициялар ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу өнеркәсібі, реновация, инфрақұрылым салаларына бағытталуда. Индустриялық және шағын өндірістік аймақтар арқылы инвесторларға дайын инфрақұрылым ұсынылып, қолайлы жағдайлар жасалуда.




Сонымен қатар, жер учаскелерін аукционсыз беру, «бір терезе» қағидаты бойынша инвесторларды сүйемелдеу және инвестициялық преференциялар беру тетіктері енгізілген. «Ұлытау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру және үлестік қатысу құралдары қарастырылуда. Бұл өңірге ірі инвестицияларды тартуға және стратегиялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, Ұлытау облысы инвестициялық әлеуеті жоғары өңір болып табылады. Қолданыстағы және жоспарланған шаралар өңірдің тұрақты экономикалық дамуына және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

## АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Агроөнеркәсіптік кешеннің инвестициялық жобаларына келетін болсақ, 2024–2025 жылдары 8 млрд теңге бөлініп, нәтижесінде 7 жоба толық немесе жартылай қаржыландырылды. Бұл бағытта «Мирас» шаруа қожалығының 167 гектар алқапта суару жабдықтарын қолдана отырып, мал азықтық дақылдар егу жобасы толық аяқталған. Құны – 239,7 млн теңге. «Искаков А» шаруа қожалығының 5 000 бас қой өсіруді дамыту жобасының құны – 326,9 млн. теңге. Жоба толық іске асырылған. «Исмаил А.Б.» шаруа қожалығының 400 гектар алқапта су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, мал азықтық дақылдар мен көкөністер өсіру жобасы. Оның құны – 637,6 млн теңге. Жоба пайдалануға берілген. «Ulytau Sheep» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі бастамашылық еткен 13 мың бас асыл тұқымды қой өсіру шаруашылығын құру жобасы. Жоба құны – 1,4 млрд теңге. Қазіргі уақытта кооператив 15 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын, қосымша жабдықтарды және 8 715 бас асыл тұқымды қой сатып алды. Қаражатты игеру мерзімі – 2026 жылғы 2 маусымға дейін жоспарланып, жобаны аяқтау ағымдағы жылдың маусым айына көзделген. «Ulytau Meat» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі бастамашылық еткен 7,8 мың бас асыл тұқымды ірі қара малды ұстауға арналған отбасылық ферма құру жобасы. Жалпы құны – 4,7 млрд теңге. «Samadi A group» ЖШС-нің бір мезгілде 10 000 тонна өнім сақтауға арналған көкөніс қоймасын салу жобасы. Оны іске асыруға 1 млрд 98 млн теңге бөлінген. Жобаның жалпы құны – 1 млрд 988,9 млн теңге. Нысанды пайдалануға беру мерзімі – 2026 жылғы қазан. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары жүргізілуде. «Племенной завод «Жеңіс» ЖШС-нің 5 000 басқа арналған, 6 400 басқа дейін ұлғайтылатын ірі қара мал бордақылау алаңын салу жобасы. Жобаны іске асыру үшін 128,56 млн теңге көлемінде аванс бөлінген. Қарыз алушының құжаттардың толық пакетін ұсынбауына, сондай-ақ, мемлекеттік сараптамадан өтуден бас тартылуына байланысты несие қаражатын және айыппұлды толық өндіру туралы талапарыз берілді. Сонымен қатар, 2026 – 2027 жылдарға жалпы құны 18 млрд 573 млн теңгені құрайтын 12 жобадан тұратын пул қалыптастырылды. Қазіргі таңда жобалардың басым көпшілігі бойынша негізгі дайындық кезеңдері аяқталған: ЖСҚ әзірленген, жер учаскелері рәсімделген, рұқсат құжаттары дайындалуда және қаржыландыруға өтінімдер берілуде. Жобаларды табысты іске асыру қаржыландыруға тікелей байланысты. Қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, барлық жобалар толық өндірістік қуатқа шыға алады. Жобаларды іске асыру өңірдің дамуына оң әсерін тигізеді, яғни, халықты жұмыспен қамту деңгейі артады, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі ұлғаяды, өңірдің азық-түлік қауіпсіздігі нығаяды, инвестициялық тартымдылығы артады.

## ФРОНТ-ОФИС ҚЫЗМЕТІ

Фронт-офис тарапынан жергілікті кәсіпкерлермен және шетелдік компаниялармен апта сайын кездесулер өткізіліп, оларға облыс аумағындағы инвестициялық, индустриялық-инновациялық және коммерциялық қызмет мәселелері бойынша консультациялар беріледі. Қазіргі уақытта Фронт-офис жалпы құны 141,3 млн АҚШ доллардан асатын бес әлеуетті инвесторды, соның ішінде шетелдік қатысуы бар компанияларды сүйемелдеуде. Нақтырақ айтсақ, HARVEST AGRO HOLDING «Ұлытау облысында 15 мың гектар жайылымдық, тыңайған және маусымдық пайдаланылатын жерлерді суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарына айналдыру, кейіннен оны 50 мың гектарға дейін ұлғайту бойынша "Harvest" агро-индустриялық кластері». Жобаның құны – 60 млн АҚШ доллары. Жобаны іске асыру үшін Ұлытау және Жаңаарқа аудандарындағы бос жер учаскелері (13 учаске) мен жерүсті және жерасты су көздерінің көлемі туралы ақпарат ұсынылды. Облыс басшылығы мен инвестордың қатысуымен бірқатар онлайн және офлайн кездесулер өткізілді. Инвестициялық жобаны іске асыру бойынша Жол картасы әзірленіп, қол қойылды. Қазіргі таңда компания бос жер учаскелері мен жерүсті және жерасты су көздерінің көлемін зерделеу сатысында. Іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. CHENGDU SEPMEM ENERGY LTD (ҚХР) – Ұлытау ауданында сұйытылған табиғи газ өндіретін зауыт салу. Жобаның құны – 70 млн АҚШ доллары. Ұлытау облысы әкімдігімен инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Аталған мәселе өңірлік инвестициялық штабтың қарауына шығарылып, онда 5 мың текше метр көлемінде уақытша газбен қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды. Жезқазған қаласының әкімдігіне Талап кентінде бос жер учаскесінің бар-жоғын растау мақсатында хат жолданды. Бүгінде компания құжаттарды республикалық келісу кеңесіне шығару үшін дайындау сатысында. Тағы бір жоба China–Kazakhstan Silk Road Yuntu (Xi'an) Technology Development Co., Ltd (ҚХР) – Жезқазған және Сәтбаев қалаларындағы тозығы жеткен тұрғын үйлерді қайта жаңғырту. Жобаның құны – 6 млн АҚШ доллары. «Бақытты қала» жобасын іске асыру мақсатында «Ұлытау» ӘКК АҚ мен инвестор арасында Ұлытау облысы аумағында өзара іс-қимыл және ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Сәтбаев қаласы әкімі қатысуымен Қоғам тарапынан инвестормен жұмыс кездесулері өткізілді, оның барысында жобаны іске асыруға арналған ықтимал алаңдар қарастырылды. Бастапқы басым нұсқалар ретінде Гурба көшесі, 4 және 6 мекенжайларындағы апатты үйлер, сондай-ақ Сәтбаев көшесі, 74–76 мекенжайындағы бос тұрғын үй ұсынылды. Халықаралық қаржы орталығы (AIFC) аумағында заңды тұлғаны тіркеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Қазіргі уақытта бірлескен қызмет туралы шарттар жасалды және инвесторлар жобаны іске асыруға кірісуге дайын. Келесі жоба ИП «Шаңырақ» – кірпіш зауытын салу. Жобаның құны – 2 млрд теңге (4,3 млн АҚШ доллары). Жоба жергілікті сазды карьерді пайдалана отырып, құрылыс кірпішін өндіретін зауыт салуды көздейді. Бизнес-жоба әзірленіп, ҚХР-дан технологиялық жабдық жеткізу бойынша алдын ала келісімдерге қол жеткізілді. Қазіргі уақытта инвесторда жобаны іске қосуға жеткілікті жеке қаржы қаражатының жетіспеушілігі байқалады. Осыған байланысты кәсіпкерлікті қолдау құралдары, оның ішінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы қаржыландыру тарту мүмкіндігі қарастырылды. Алайда, өтімді кепілмен қамтамасыз етудің болмауына байланысты қаржыландырудан бас тартылды. Инвестор ұсынған сазды карьер қаржы институты тарапынан сенімді кепіл ретінде қабылданбады. Сондай-ақ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылды. Алайда, бағдарлама шарттарына сәйкес құны 7 млрд теңгеден төмен жобалар қаржыландыруға жатпайды. Ал, кірпіш зауыты жобасының болжамды құны шамамен 2 млрд теңгені құрайтындықтан, ол аталған бағдарламаның ең төменгі талаптарына сәйкес келмейді және осы қолдау құралы шеңберінде қаржыландырылмайды. Қазір жобаны жеке инвестор тарту мәселесі пысықталуда. Аталған жоба Жезқазған және Сәтбаев қалаларындағы тозығы жеткен тұрғын үйлерді реновациялау жобаларын іске асыруды жоспарлап отырған қытайлық компанияға ұсынылды. «Central Asia Mining Tech» ЖШС – барит қалдықтарын өңдеу кешенін салу (Жәйрем кенті). Жобаның құны – 1 млн АҚШ доллары. 2026 жылғы 22 сәуірде Жайрем кентінің әкімі және Қаражал қаласының салалық бөлім басшыларының қатысуымен Zoom-конференция өткізілді. Онда «Барит қалдықтарын өңдеу кешенін салу» жобасын іске асыру үшін 4 га жер учаскесін бөлу мүмкіндігі талқыланды. Ұлытау облысының уәкілетті органдарына қажетті құжаттар, рұқсаттар мен келісімдер, сондай-ақ, экологиялық заңнама талаптары туралы ақпарат алу мақсатында хат жолданды. Сонымен қатар, Қаражал қаласы әкімдігіне инвестициялық жоба үшін бос жер учаскесінің бар-жоғын анықтау жөнінде сұрау жіберілді. Компания құжаттарды республикалық келісу кеңесіне шығаруға дайындау сатысында.

## «СӘТБАЕВ» ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫН ҚҰРУ

2025 жылы республикалық маңызы бар «Сәтбаев» индустриялық аймағы құрылды. Индустриялық аймақтың жалпы аумағы 12 гектарды құрайды, оны 50 гектарға дейін кеңейту мүмкіндігі бар. Қазіргі уақытта индустриялық аймаққа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды (электрмен, жылумен қамтамасыз ету және кәріз жүйесі) жеткізу жұмыстары жүргізілуде және 2026 жылғы маусым айының соңына дейін аяқтау көзделуде. Жобаның жалпы құны 822,4 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар 2025 жылы индустриялық аймаққа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту шеңберінде су құбыры желісін жүргізу жұмыстары жасаллды. Өткен жылы жергілікті бюджеттен индустриялық аймаққа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту үшін 125,9 млн теңге бөлінді. Екі жобалық-сметалық құжатты түзету жұмыстарын аяқтау және оларды құрылыс және сәулет басқармасына тапсыру 2026 жылғы маусым айының соңына дейін жоспарлануда.

## МҮМКІНДІГІ МОЛ МЕМОРАНДУМ

2026 жылғы 27 наурызда Сиань қаласында Қазақстан Республикасының Бас консулдығының қолдауымен Ұлытау облысы мен Шэньси провинциясы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық форумы өткізілді. Іс-шараға облыс әкімі, мемлекеттік органдар өкілдерінен құралған делегация, сондай-ақ Қытай және Қазақстан компанияларының шамамен 100 өкілі қатысты. Форум аясында Ұлытау облысының инвестициялық әлеуеті мен өңірдің негізгі ынтымақтастық бағыттары және перспективалы инвестициялық жобалары таныстырылды. Өнеркәсіпті дамытуға, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымға және агроөнеркәсіптік кешенге ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, G2B және B2B форматтарында кездесулер өткізілді. Қорытындысы бойынша жалпы құны 12,5 млрд теңгені құрайтын 6 меморандумға қол қойылды. Аталған жобалар тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, металлургиялық шлактарды қайта өңдеу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағыттарын қамтиды. Сонымен қатар, Ұлытау облысы экономикасына шетелдік инвестицияларды тартуды жандандыру және Қытай Халық Республикасымен сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Ұлытау облысы делегациясының жұмыс сапары аясында Сиань қаласында Ұлытау облысының өкілдігі ашылды.

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН РЕНОВАЦИЯЛАУ

Ұлытау облысында тұрғын үй қорын реновациялаудың бірыңғай әрі тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында тұрғын үй қорын реновациялаудың жаңа бірыңғай бағдарламасы әзірленді. Осыған байланысты әзірленген облыстың тұрғын үй қорын реновациялаудың бірыңғай бағдарламасы оны алдағы уақытта заңды және тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында облыстық мәслихаттың қарауына және бекітуіне ұсынылады.

Облыс бойынша көппәтерлі тұрғын үй қорының ағымдағы жағдайын талдау нәтижесінде көппәтерлі тұрғын үйлердің жалпы саны 1 545 екені анықталды, оның ішінде 457-сі тозығы жеткен және 63-і апатты тұрғын үйлер. Жезқазған қаласында – 23 апатты үй, Сәтбаев қаласында – 31 апатты үй, Қаражал қаласында – 7 апатты үй және Ұлытау ауданында – 2 апатты үй. Бұрынғы трикотаж фабрикасы ғимаратын реконструкциялау жобасын іске асыруға келетін болсақ, жоба аясында инвестор бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде. Жоба бойынша ғимарат мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған. Жалпы сметалық құны 4,2 млрд теңгені құрайды. Қазіргі уақытта 2 000 тонна құрылыс қалдықтарын шығару жұмыстары толық аяқталды, сондай-ақ, терезе орнату жұмыстары орындалды. Сонымен қатар, нысан функционалдық тұрғыдан үш блокқа – А, В және С блоктарына бөлінген. «А» блогы даму институттарын орналастыруға арналған, оның ішінде ««Даму», «Атамекен», «Аграрлық несие корпорациясы», «Ұлытау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы және аумақтық ұйымдар қарастырылған. «В» блогының 1-қабатында мейрамхана, 2-3 қабаттарында қонақ үй, ал 4-қабатында аумақтық ұйымдардың кеңселері орналастырылады. «С» блогы шағын және орта бизнес субъектілеріне арналған. 1-қабатта гипермаркет, ал жоғарғы қабаттарда шағын және орта бизнеске арналған кеңсе және коммерциялық үй-жайлар орналастырылады.

**Ұлытау облысына инвестиция тарту өңірдің жедел әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің бірі болып табылады. Инвестициялық жобаларды тиімді іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға, өндіріс көлемін арттыруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Негізгі баяндамадан кейін брифингке қатысушылар сұрақ-жауап кезеңіне өтіп, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері толғандырған мәселелеріне қатысты нақты түсініктеме алды.**

**Меруерт НАУРЫЗБАЙ.**

ТАҒЗЫМ

**Оңаша сәттерде өткен өмір белестеріңе зер саласың. Өткен шақтарыңның бедерлі бейнесі мен ұмытылмас сәттері есіңе оралады. Кезінде сыйлас, қызметтес болып, өмір жолыңа бағыт-бағдар берген аға буын өкілдерінің тағылымды істері бейне бір кино лентасындай көз алдыңнан тізбектеліп өтіп жатады...**

# Ұлытаудың Мұраты немесе ӨТКЕНГЕ ШЕГІНІС



Иә, бүгінгі жазбамызға арқау болып отырған да сонау Кеңес үкіметі тұсында ауыл жастарын тәрбиелеп, соңынан ерте білген, олардың жауапты мемлекеттік қызметтер атқаруына бағыт-бағдар беріп, жол сілтеген ағаларымыздың бірі де бірегейі болып табылатын марқұм – Мұрат Әлмағанбетұлы Бәйменов еді.

Мұрат ағамыз ұлт ұясы аталатын Ұлытау топырағында дүниеге келген. Ұлытау орта мектебінің түлегі. Мектепті үздік бағамен тәмамдаса да, жоғарғы оқу орнына түсуге бірден ұмтылмай, қара еңбектің дәмін татқан жан. Екі жылдан астам уақыт Ұлытау совхозында механизатор болып жұмыс істеді. Совхоздың сан-салалы жұмыстарының қызу ортасында жүріп әбден ысылған жастың қарым-қабілетін аңғарған сол кездегі совхоз директоры Бөкен Нұршабаев арнайы жолдамамен ауыл шаруашылығы институтына оқуға жіберді.

Институтты үздік бітірген Мұрат ағамыз 1968 – 1969 жылдары Түркіменстанның Қызыларбат деп аталатын қаласында жас офицер шенінде әскери қызметін ойдағыдай атқарды. Туған жерге оралған соң совхоз басшылығы жас маманды бірден бас инженер қызметіне тағайындады. Іскерлігімен, тиянақты жұмысымен көзге түскен ағамыз аз уақытта «Ұлытау» совхозы кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметіне сайланды. Білімді де білікті жас маманның қызметте өсу баспалдағы осылай өріс алды.

Аудандық партия қызметінің нұсқаушысы болып біршама тәжірибе жинақтаған Мұрат Әлмағанбетұлы аз уақыт ішінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Заманындағы, сол мерзімдегі өлшеммен алғанда бұл бөлім басшысы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан кейінгі екінші тұлға десек те болады. Себебі, барлық кадрлық саясат, кадрлық өзгеріс, кадрлық тағайындауларға ұсыныс енгізу аудандық партия комитетінің осы бөлімінің құзырына берілген. Аудандық партия қызметінің бюросы, пленумы, конференцияларымен басқа да ағымдық ұйымдастыру шараларын үйлестіру осы бөлім басшылығымен жүзеге асты. «Бәйменов айтты», «Бәйменовтің тапсырмасы» деген сөздер бұрқ-бұрқ етіп жиі естіліп жататын. Бәйменов тапсырмасы біріншінің тапсырмасы есебінде қабылданды. Талқылауға жатпайды. Міндетті түрде орындалып және жауапкершілікпен орындалып жататын.

Мұрат Әлмағанбетұлы ұйымдастыру бөліміне басшылық жасай отырып, осы қолынан іс келеді-ау деген ауылдың жоғары білімді ұл-қыздарын біртіндеп қанатының астына алып, жауапты мемлекеттік қызметтерге тарта бастады. Жас мамандарға ерекше қамқорлық қолын созды. Редакцияда қағазға шомып, мақала жазып отырған өзімді аудандық кеңес атқару комитетінің бөлім меңгерушілігіне ұсынды. Мұнда бірыңғай ресми қағаздар екен. Дей тұрсақ та, Мүкең ағамыздың ақыл-кеңесімен қағазбен, құжатпен жұмыс істеуді үйрендік. Жиындардың іс-қағаздары, құжаттармен жұмыс істеу, хаттамалармен жұмыс істеуге қалыптастық. Өтпелі жиындарға құжаттар әзірлеу, күн тәртібіне байланысты шығып сөйлейтін депутаттардың сөздерін реттеу, бағыт беру, т.б. ішкі жұмыстар, қысқасы, жұмысбастылық жеткілікті. Десек те, осының барлығы үлкен өмір мектебі екендігін кейін сезініп жаттық.

Ертеңгілік жұмыс үстелінде отырғанда телефон шалынды. Райкомның қабылдау бөлімінен екен. Шұғыл түрде Мұрат Әлмағанбетұлының қабылдауына келуімді сұрады. Онда мән-жайды асықпай байыппен түсіндірген ағамыз мені бірінші хатшының қабылдауына алып келді. Аз уақыт әңгімеден кейін: «Ұсыныс өте орынды екен. Обкомға құжаттарын әзірлеуге тапсырма бересің ғой», – деді бірінші.

Құжаттар тез арада әзірленіп, арнайы байланыспен облыстық партия комитетіне жіберілді. Сөйтіп, аз уақытта аудандық кеңес атқару комитетінің жауапты хатшысы болып шыға келдім. Бұл аудандық кеңес атқару комитеті төрағасынан кейінгі барлық шешімдерге қол қоятын жауапты, лауазымды қызмет болатын. Бұл қызметке барарда да, тағайындалған соң да Мұрат ағамыз ақыл-кеңесін беруден жалыққан емес. Араға жылдар салып, Алматы жоғары партия мектебіне оқуға жіберілдім. Қысқасы, өмір жолындағы оң өзгерістердің бәрі де Мұрат Әлмағанбетұлы ағамыздың бағыт-бағдар беруімен жүзеге асып жатты десем артық айтқаным емес.

Ағамыз еш уақытта асып-таспайтын. Ақырын барлығын бағамдап отырып, кадрлық саясатты өз орнымен жүргізе білді. Жоғарыда көрсеткендей, ауданның қаншама жас мамандары Мұрат Әлмағанбетұлы ағамыздың тәрбиесі мен қолдауының арқасында жоғары мемлекеттік қызметтерді атқарғандығы күні бүгінге дейін көз алдымызда.

Иә, Мұрат ағамыз 1986 жылдың тамыз айында Қаражал қаласы қалалық кеңесі атқару комитеті төрағасы қызметін атқарып, 1988 жылы кенеттен дүние салды. Өзі өмірден озғанмен, соңында өшпес із қалдырып кетті. Кезінде Мұрат Әлмағанбетұлымен қатарлас қызмет атқарған Ұлытау ауданының, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Рақыш Нәшкенқызы Ыдырысова, аудандық партия комитетінде бірге қызметтес болған Гүлмаржан Уахитқызы, басқа да азамат, азаматшалардың ағамыздың білім-біліктілігімен қоса жоғары адами қасиетін ерекше құрметпен еске алып отырулары да, Мұрат Әлмағанбетұлының қадір-қасиетін айқын да анық көрсете түседі.

Ағамызды еске ала отырып, ағамыздың аяулы жары Анаркүл жеңгеміз туралы сөз қозғамай кетуіміз әбестік болар еді. Жеңгеміздің мамандығы – шет тілі пәнінің мұғалімі. Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнап, ұстаздық қызметімен көзге түсті. Биязы, сыпайы да өрескел қылығы жоқ ұстаздарына шәкірттері де құрметпен қарады. Ұстаздық жолы бағаланып, оқу бөлімінің басшылығының ұйғарымымен № 1 Ұлытау орта мектебінің директорлық қызметіне тағайындалды. Ауданда басқа да жауапты мемлекеттік құрылымдарда басшылық қызметтер атқарды. Бүгін де еңбектің зейнетін көруде. Қосағынан жастай айырылса да, Мұрат ағамыздың шаңырағының түтінін түтетіп, ұл-қыздарын жетілдірді. Балаларын оқытып, өмірде өз орындарын табуға жол сілтеп отырған бақытты ана. Бүгінде ұл-қыздардың бәрі облысымыздың түрлі салаларында жауапты мемлекеттік қызметтерде істеп, аналарына немере-шөбере сүйгізіп отыр. Әдетте қазақтың «орнында бар оңалар» деген сөзі де осындай сәттерде туындаса керек.

**Біздің бүгінгі жазбада қамтуға тырысқанымыз еліне елеулі, халқына қалаулы болған мемлекеттік қызметтегі ұстазымыз марқұм Мұрат Әлмағанбетұлы Бәйменов ағамыз бен оның жанұясы хақында іште тұнған бір үзік сырдың бір парасы ғана.**

**Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ,**
**Жезқазған қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі,**
**ақпарат саласының ардагері.**

**Кітапхана – адамзат өркениетінің рухани жады емес пе?! Тарихшылар алғашқы кітапханалардың бірі ежелгі Месопотамия жерінде пайда болғанын айтады. Ежелгі Мысырдағы Александрия кітапханасы мен түркі дүниесінің мақтанышы болған Отырар кітапханасын білмейтін жан бүгінде кемдекем шығар.**




# Жаңашылдыққа ҚҰШТАР ЖАН

Ғасырлар бойы даналардың сөзі, ғұламалардың еңбегі, ақын-жазушылардың мұрасы кітап арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Сондықтан кітапхананы руханият пен мәдениеттің қасиетті ордасы деп айтамыз. Осындай рухани ордалардың шырайын кіргізіп, кітап пен оқырман арасындағы алтын көпірді жалғап жүрген асыл жандар баршылық. Соның бірегейі Жезқазған қаласының кітапхана саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан, көпшілік оқырман қауымына сыйлы, мамандығына адал кітапханашылардың бірі – Айнекен Байдешқызы.

Мен бұл аяулы жанмен осыдан он жыл бұрын таныстым. Ол кезде өзім әдебиетке, шығармашылыққа ден қойып, ізденіс жолында жүрген шағым еді. Қаладағы ең алғаш табалдырығын аттаған кітапханам – Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалы. Айнекен апай сол жерде оқырман бөлімінде қызмет етті. Ол кісі мен іздеген кітаптарды дереу тауып беріп, аса ілтипатпен, оқырманға деген ерекше құрметпен қарсы алатын. Сол кітапханашы апайдың ыстық ықыласы мені ылғи сол кітапханаға тартатын да тұратын. Жұмыстан қайтқанда кітапханаға міндетті түрде соғып, апаймен руханият жайында әңгімелесіп қайту қалыпты дағдыма айналды. Уақыт өте таныстығымыз сыйластыққа ұласып, Айнекен Байдешқызы мені жергілікті ақын-жазушылармен таныстырып, рухани басқосу жиындарына арнайы шақырды. Осылайша қарапайым кітапханашы менің шығармашылық даму жолыма үлкен ықпал етіп, зор үлесін қосқан үлкен темірқазыққа айналды десем, артық айтқандығым емес.

Жанибекова Айнекен Байдешқызы 1963 жылдың 5-қазаны күні Қарағанды облысы, Жезді ауданы, Байқоңыр совхозында дүниеге келген. Ол 1983 жылы Жезқазған педагогикалық институтының география-биология факультетіне оқуға түсіп, 1988 жылы география-биология мамандығы бойынша дипломын алып шықты. Алғаш еңбек жолын ұстаздықтан бастап, кейін 2012 жылдан бастап Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің М.Әуезов атындағы кітапхана-филиалында кітапханашы болып жалғады. Кітапханашылық қызметті оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде бастады. Сонымен қатар, «РАБИС» бағдарламасы бойынша цифрлық технологияны жете меңгеріп, инновациялық әдістерді қолдана отырып, оны жүйелі түрде жүргізуде белсенділік танытты. Айнекен Байдешқызы өз ісін жетік білетін маман, оқырмандарының рухани қуаттануына жол сілтеп, білім, өнер және мәдениетті дамытуда елеулі еңбегімен үлес қосып, қызмет көрсетудің жаңа технологияларын меңгеруде біліктілігі мен білімін танытып келеді. Өз ісінің қыр-сырын терең меңгерген, әрдайым кәсіби білімін жетілдіріп отыратын жаңашылдыққа құштар жан.

2023 жылдың 10 сәуіріндегі Жезқазған қаласы әкімдігінің қаулысымен М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалы Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі болып өзгеруіне орай жаңа штаттар ашылып, соның ішінде Айнекен Байдешқызы кітапханаларды дамыту ісі және әдістемелік бөлімнің басшысы болып тағайындалды.

Майталман маманның мәдениет саласына қосқан үлесі елеусіз қалған жоқ. Қызметтегі жауапкершілігі, жанашырлығы мен белсенділігі үшін бірнеше рет марапат биігінен көрінді. Атап айтатын болсақ, 2015 жылы кітапханашылар мерекесіне орай «Кітапхана – даналық мекені» атты семинар-конкурсына белсене қатысқаны және кітапхана ісін дамытудағы айрықша еңбегі үшін «Ізденімпаз кітапханашы» номинациясымен марапатталды. 2018 жылы кітапханашылар күні мерекесі аясында мәдениет саласын дамытуға және кітапхана ісін өркендетуге қосқан үлесі үшін «Кәсіби шеберлігі үшін» номинациясымен және еленді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалының 70 жылдығы аясында мәдени іс-шаралар өткізіп, адал еңбегі мен қоғам өміріндегі белсенділігі үшін «Жанашыр кітапханашы» номинациясын жеңіп алғаны тағы бар. 2023 жылы Мәдениет пен өнер қызметкері күні аясында мәдениет саласын дамытуға және кітапхана ісін өркендетуге қосқан үлесі үшін Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен, 2026 жылы Ұлытау облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

2025 жылы «Мерей» атты кітабым жарық көргенде Айнекен Байдешқызы мені қолдап, кітапхана ұжымымен арнайы тұсаукесер шығармашылық кешімді ұйымдастырып, туындымды оқырмандармен таныстыруда үлкен қолдау көрсетті. Қазіргі уақытта іскер кітапханашы келген оқырмандарға ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетіп келеді. Қоғамда өз ісіне шын берілген, айналасына шапағатын тигізіп жүретін жандар аз емес. Солардың бірі де бірегейі Айнекен Байдешқызы бүгінде қызмет жолынан бөлек отбасында аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі.

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай кітапхана саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп келе жатқан кітапханашы Айнекен апайды кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Ол кісінің еңбегі оқырмандар тарапынан ерекше құрметке лайық. Айнекен Байдешқызының руханият пен мәдениет жолындағы адал еңбегі кейінгі буынға үлгі болары сөзсіз.

***Айнұр ҚОЖАХМЕТ,***
***Жезқазған қаласының***
***орталықтандырылған***
***кітапханасының оқырманы,***
***жазушы.***

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ:




# ОРТАҚ МАҚСАТ, ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің ілгері даму бағытын айқындайтын басты құжат болды.**

Бұл жолғы Жолдауда баса айтылған маңызды бағыттардың бірі – жасанды интеллектіні дамыту мәселесі. Президенттің: «Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс» деген ұстанымы – жаңа цифрлық реформалардың өзегінде технология емес, ең алдымен адам тұруы қажет екенін айқындап берді. Бұл – еліміз үшін өзекті тұжырым.

Біз Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауын жол сілтер құжат деп санаймыз. Жолдау – түпкі стратегиялық мүддемізге қол жеткізу үшін жыл сайын әлемдік, отандық ахуалды таразылай отырып, ендігі қимылымызға таңдау жасайтын жолымыздың тактикасы.

«...Алдымызда ауқымды жұмыс бар. Қоғамды жаңғырту үшін әлі де көп шаруа атқаруымыз керек», – деген Президент бірден жасанды интеллект мәселесіне айрықша мән бере сөйледі.

Соңғы кездері елімізде жасанды интеллектінің мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды жеделдететініне, білім беру сапасын арттыруға ықпал ететініне, сақтау жүйесін жаңғыртуға жол ашатынына, қоғамдық қауіпсіздік пен төтенше жағдайлар мониторингін күшейтетініне ерекше назар аударуда.

Президент Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыруды стратегиялық мақсат ретінде белгіледі. Қазіргі таңда жасанды интеллект – әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан технологиялық бағыттардың бірі. Ол медицина, өнеркәсіп, білім беру, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік басқару сияқты барлық салада қолданылып, адам өмірін жеңілдетуге, тиімді шешімдер қабылдауға үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Жолдауда тағы бір маңызды мәселеге ерекше мән берілді. Ол – инвестиция тарту мәселесі. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда әлем бойынша инвестицияға талас күшейіп тұр. Ендеше ел экономикасын көтерудің мықты тетігі саналатын инвестиция тарту мәселесіне баса назар аудару керектігі белгілі. Президент аталмыш бағыттағы жұмыстарға көңілі толмайтынын айтты және нақты тапсырма берді. Қ. Тоқаев: «Еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыраңқы. Қағазбастылық көп, түрлі органдардың құзыреттері қайталанады. Ал қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе, бізге жаңа ұстаным керек. Қалай болса да, инвестиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей Премьер-Министрге жүктеледі», – деді.

Жалпы, әр Жолдаудың мән-маңызы, мақсаты ерекше, айырмашылығы да айтарлықтай. Осы Жолдауда айтылған Президент тапсырмасын орындауға жұдырықтай жұмылып, талапқа сай жұмыс жасау керек. Ел экономикасы дамыса, халықтың да әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігі нығайып, болашаққа сенімдері арта түсері анық.

**Ақансері СҮЛЕЙМЕНОВ,**
**«Ulytau Inside» медиа жобасының жетекшісі,**
**Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Медиа» орталығының басшысы.**

# ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...




**Жақында Ұлытау облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Су айдындарындағы қауіпсіздік және шомылу маусымына дайындық» тақырыбында брифинг өтті.**

Жиынға Ұлытау облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Арман Әбілқасымов, Ұлытау облысы білім басқармасының тәрбие жұмысы, техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Гүлмира Жұматова және Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайларды жою басқармасы бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау капитаны Мұрат Қарақойшы қатысты.

Брифинг барысында өңірдегі су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балалар мен жасөспірімдер арасында жазатайым оқиғалардың алдын алу және 2026 жылғы шомылу маусымына дайындық турасында атқарылып жатқан жұмыс баяндалды. Спикерлердің мәліметінше, Ұлытау облысында 2026 жылғы шомылу маусымы 1 мамырдан басталды. Қазіргі таңда облыс аумағында шомылуға рұқсат етілген 4 орын белгіленген. Оның ішінде Кеңгір су қоймасы жағалауындағы «Мадагаскар» жеке жағажайы, «Балықшы үйі» және «Горняк» демалыс аймақтары, сондай-ақ, байдарка мен каноэде есу бойынша мамандандырылған спорт базасы бар.

Аталған орындар санитарлық талаптарға сәйкес жабдықталып, құтқару және медициналық бекеттермен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, Жезқазған қаласы аумағындағы шомылуға тыйым салынған орындардың тізбесі бекітілген. Бұл аумақтарда арнайы қауіпсіздік белгілері орнатылып, тұрғындарға тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде облыс бойынша 97 қауіпсіздік белгісі қойылған. Білім басқармасының мәліметінше, судағы қауіпсіздік бойынша профилактикалық жұмыстармен 26 045 оқушы, 4 986 студент, 2 649 педагог және 1 327 қызметкер қамтылған. Білім беру ұйымдарында сынып сағаттары, интерактивті сабақтар, тәжірибелік жаттығулар, ашық кездесулер және бейнероликтер көрсету ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілер арқылы да ақпараттық түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Жезқазған қаласында төтенше жағдайлар қызметінің мамандары оқушылармен кездесіп, судағы қауіпсіздік ережелерін, алғашқы көмек көрсету тәсілдерін және төтенше жағдайда әрекет ету тәртібін түсіндірді. Ал, Сәтбаев қаласында 27 сәуір мен 8 мамыр аралығында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия, Аналар кеңесі, ювеналдық полиция және төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары бірлескен профилактикалық кездесулер өткізді.

Брифинг барысында спикерлер ата-аналарды балаларды қараусыз қалдырмауға, рұқсат етілмеген жерлерде шомылуға жол бермеуге және қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырды. Сондай-ақ, суға мас күйде түсу, арнайы жабдықталмаған жерлерде шомылу және қауіпсіздік талаптарын сақтамау адам өміріне үлкен қауіп төндіретіні атап өтілді.

**Мерей РҮСТЕМ.**

# ЖИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ:

## Мемлекет басшысы арнайы жарлыққа қол қойды




**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы» жарлыққа қол қойды, – деп хабарлайды Zakon.kz.**

Ақорданың хабарлауынша, жарлықтың негізгі мақсаты – жасанды интеллектінің жедел дамып келе жатқан кезеңінде Қазақстан Республикасының өркендеуін қамтамасыз ету, адами капиталды ілгерілетуге үлес қосатын заманауи, инновациялық білім беру жүйесін қалыптастыру.

Жарлыққа сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің 2026–2029 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын бекітуге міндеттелді. Жоспар дербес оқыту тетігін, цифрлық инфрақұрылымды, педагог кадрларын даярлауды, сондай-ақ білім алушылардың жеке мәліметтерін қорғауды қарастырады.

Жарлықта Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің мүшесі Ли Кай-Фудің ұсынымдарын жұмыс барысында қолдану қарастырылған. Үкімет 2026 жылдың 1 маусымына дейін қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын қысқарту мақсатында пилоттық жобаны іске асыруға, оны одан әрі кеңінен таратуға арналған нақты ұсыныстар енгізуі тиіс.

Пилоттық жобаны іске асыру аясында мектептер техникалық тұрғыдан жарақтандырылып, жылдамдығы жоғары және тұрақты интернетпен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану стандарттары бекітіледі.

Жарлықта педагогтердің кәсіби дамуын үздіксіз қамтамасыз етуге де ерекше назар аударылған. Оларға жасанды интеллект технологияларын білім беру процесінде қосымша тиімді құрал ретінде пайдалану мүмкіндігі беріледі, бұл олардың қызметіне нұқсан келтірмей, кәсіби жұмысын алмастырмай жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысы атап өткендей, жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу Қазақстанның білім сапасын арттыруға, заманауи технологияларды кеңінен қолдануға және жас ұрпаққа жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған стратегиялық қадам болып табылады.

**«SARYARQA» ақпарат.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК



**Сыбайлас жемқорлық – бұл жай ғана қылмыс емес, бұл мемлекеттің іргетасын шайқалтып, қоғамның дамуын тежейтін әлеуметтік кесел. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Жемқорлықпен күрестің тиімділігі, көбінесе жазаның бұлтартпастығы мен жауапкершіліктің қатаңдығына байланысты.**

1. Құқықтық негіздер. Қазақстанда сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік бірнеше негізгі нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы; ҚР Қылмыстық кодексі; ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

2. Жауапкершілік түрлері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін жасалған әрекеттің ауырлығына байланысты жауапкершіліктің төрт түрі қарастырылған: Тәртіптік жауапкершілік мемлекеттік қызметшілер этика нормаларын бұзғанда немесе жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттер жасағанда қолданылады.

Жаза түрлері: Ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе мемлекеттік қызметтен шығару. Әкімшілік жауапкершілік қылмыстық құрам белгілері жоқ, бірақ заң бұзушылық болып табылатын әрекеттер үшін беріледі (ӘҚБтК 15-тарау). Мысалдар: Заңсыз материалдық сыйақы беру, мемлекеттік органдардың заңсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысуы. Жаза: Ірі көлемдегі айыппұлдар. Қылмыстық жауапкершілік ең ауыр жауапкершілік түрі. ҚР Қылмыстық кодексінде жемқорлық қылмыстар үшін арнайы баптар қарастырылған:

1. Пара алу (366-бап): Лауазымды тұлғаның өз өкілеттігін пайдаланғаны үшін ақша немесе қызмет түріндегі сыйақы алуы.

2. Пара беру (367-бап): Лауазымды тұлғаға заңсыз әрекеті үшін пара ұсыну немесе беру.

3. Парақорлыққа делдалдық ету (368-бап).

4. Қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (361-бап).

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік жемқорлық іс-әрекет нәтижесінде мемлекетке немесе жеке тұлғаларға келтірілген материалдық залалды өтеуді міндеттейді.

Жазаның ерекшеліктері мен қатаңдығы. Қазіргі таңда Қазақстанда жемқорлық үшін жаза айтарлықтай қатаңдатылды. Өмір бойына тыйым салу: Жемқорлық қылмыс жасаған адамдардың мемлекеттік қызметте, квазимемлекеттік секторда (ұлттық компанияларда) жұмыс істеуіне өмір бойына тыйым салынады. Мүлікті тәркілеу: Қылмыстық жолмен келген барлық мүлік мемлекет пайдасына алынады. Еселенген айыппұлдар: Пара сомасынан 10, 20, тіпті 30 есе көп айыппұл төлеу міндеттелуі мүмкін. Шеннен айыру: Сот үкімімен кінәлі тұлға арнайы атақтарынан, сыныптық шендерінен және мемлекеттік наградаларынан айырылады.

Жемқорлықты хабарлау – азаматтық парыз. Заң бойынша жемқорлық дерегі туралы хабарлаған азаматтар мемлекет қорғауында болады және оларға ақшалай сыйақы төленеді. Сонымен қатар, жемқорлық туралы біле тұра хабарламаудың өзі қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

Қорытынды. Сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік — бұл тек жазалау механизмі емес, бұл қоғамда «нөлдік төзімділік» мәдениетін қалыптастырудың құралы. Заң алдындағы жауапкершілікті сезіну әрбір азаматты таза әрі әділ қызмет етуге жетелейді. Есіңізде болсын: пара беру де, пара алу да – заңмен қудаланатын ауыр қылмыс.

**А. НУРГАЛИЕВА,**
**Ұлытау облысы Әділет департаментінің коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу саласын бақылау бөлімінің басшысы.**

# ТЕРЕКТІЛІКТЕР МАРАПАТ БИГІНДЕ

**Мамыражай мамыр айы Жезқазғаннан 70 шақырым қашықтықта орналасқан, әулиелі мекеннің атын иеленген Теректі ауылының азаматтары үшін қуанышты оқиғаларға толы болды.**




Биылғы 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен Жеңістің 81 жылдығына орай өткізілген «Отан қорғаушы ерліктің символы» атты іс-шарада туған ауылының өсіп-өркендеуіне атсалысып жүрген жандарға құрмет көрсетілді.

Еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген теректіліктер туған ауылында өткізілетін маңызды оқиғалар мен жиындарда асқан ұйымшылдық танытуымен үлгі көрсетіп келеді. Былтыр Жеңістің 80 жылдығына орай, ауыл азаматтары бас болып, «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» атты тағылымды іс-шара өткізді.

Осы елеулі оқиғаға орай, ұйымдастырушылық қабілеттерімен ерекшеленген Мейрам Қасымбеков, Аманкүл Қожақметова, Бақытжан Бұзауова, Бекзат Рахметов және Мұрат Сыздықовқа Кеңгір ауылдық округінің әкімі Рүстем Есмағанбетов алғыс хат табыс етті.

12 мамыр – Халықаралық экологиялық білім күніне орай, ауылды көркейтуге үлес қосып, тазалықты насихаттап, сенбіліктерге тұрақты түрде шығып жүрген Сәуле Сыржанова, Серік Мұқанов, Альбина Савенка «Байтақ» жасылдар партиясы Ұлытау облыстық филиалының төрағасы Қаныбек Алимбаевтың атынан Алғыс хатқа ие болды.

Жақында Жезқазған қаласында жасөспірімдер арасында өткен «ROUND» бокс клубының ашық біріншілігінде мектеп абыройын асқақтатып, жүлделі оралған спортшы оқушылардың да еңбектері еленді. Чемпиондарды баптаған бокс үйірмесінің жетекшісі Шамиль Мұқанов Жезқазған қаласы әкімі Қайрат Шайжановтың алғыс хатымен марапатталды. Жүлдемен оралған 3 оқушыны осы мектептің түлектері Ақнұр Рахметова мен ауыл жанашыры Бекзат Үмбетов келіп құттықтап, ақшалай сертификаттар табыстады.

Аядай ауылдың бірлігін жарастырып, атқарып жүрген игі істерінің бастауында тұрған азаматтары көп болғай!

**Өз тілшіміз.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Жобаның атауы**: **«Құмкөл–Қарақойын» МҚ Ø530 мм. Құбыржолды 16,4–17,4 км, 29–31 км, 70–72 км, 77–79 км учаскелерінде ауыстыру»** жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

**Әсер ету аумағы**:

1) Участок 16,4-17,4 шқ. учаскесі: – учаскенің басталуы: 46°24’07.5» с.е. 65°55’43.9» ш.б. – учаскенің соңы: 46°24›03.1» с.е. 65°56›30.3» ш.б.;

2) 29-31 шқ. учаскесі: – учаскенің басталуы: 46°23’11.3» с.е. 66°05’27.7» ш.б. – учаскенің соңы: 46°23’02.4» с.е. 66°07’00.3» ш.б.;

3) 70-72 км учаскесі: – учаскенің басталуы: 46°19’39.2» с.е. 66°36’52.1» ш.б. – учаскенің соңы: 46°19’35.6» с.е. 66°38’25.5» ш.б.;

4) 77-79 км учаскесі: – учаскенің басталуы: 46°19’24.0» с.е. 66°42’18.2» ш. б. – учаскенің соңы: 46°19’20.3» с.е. 66°43’51.5» ш.б.

**Қоғамдық тыңдаулар** 2026 жылғы 03 шілдеде сағат 15:00-де. Мекенжайы: Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Мибұлақ а., Саркеев к-сі, 11/1, Мәдениет үйі.

Онлайн қосылымға сілтеме:

**https://us04web.zoom.us/j/7091950906?pwd=gKYin1XOBHSyqtZkDSRpi5qYTEwc5E.1**

**Идентификатор конференции: 746 1064 1914**

**Код доступа: K6scND**

**Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы**: «ҚазТрансОйл» АҚ, БСН 970540000107, Астана қ., Тұран д-лы, 20, e-mail: Klimov@kaztransoil.kz; тел.: 8-7102-770-240.

**Әзірлеуші**: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӘО филиалы, 000941000473 БСН, Павлодар қ., Солтүстік өндірістік аймақ, e-mail: **G.Abdykalikova@kaztransoil.kz**; тел.: **8-7172-791-609.**

**Жоба материалдары мен қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті:** ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің сайтында орналастырылған **https://ndbecology.gov.kz/**

**Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады:** Жезқазған қ., Ескі аэропорт ауданы, «ҚазТрансОйл» АҚ ЖМКБ, e-mail: Klimov@kaztransoil.kz; тел.: 8-7102-770-240.

**Ескертулер мен ұсыныстар қабылданады:** Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі **https://ndbecology.gov.kz/**, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Жезқазған қ., Тарадай к-сі, 2, тел.: **8-7102-41-18-95**, e-mail: **ulytau.obl_priroda@mail.ru.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Наименование проекта:** Раздел «Охраны окружающей среды» к рабочему проекту **«МН «Кумколь-Каракоин» Ø530мм. Капитальный ремонт трубопровода на участках: 16,4-17,4 км; 29-31 км, 70-72 км, 77-79 км».**

**Территория воздействия:** область Ұлытау, Улытауский район, географические координаты:

1) Участок 16,4-17,4 км: – начало участка: 46°24’07.5» с.ш. 65°55’43.9» в.д. – конец участка: 46°24’03.1» с.ш. 65°56›30.3» в.д.;

2) Участок 29-31 км: – начало участка: 46°23›11.3» с.ш. 66°05’27.7» в.д. – конец участка: 46°23’02.4» с.ш. 66°07’00.3» в.д.;

3) Участок 70-72 км: – начало участка: 46°19›39.2» с.ш. 66°36’52.1» в.д. - конец участка: 46°19’35.6» с.ш. 66°38’25.5» в.д.;

4) Участок 77-79 км: – начало участка: 46°19’24.0» с.ш. 66°42’18.2» в.д. - конец участка: 46°19’20.3» с.ш. 66°43’51.5» в.д.

**Общественные слушания пройдут в форме открытых собраний:** 3 июля 2026 года в 15:00 ч., по адресу: область Ұлытау, Улытауский район, с. Мибулак, ул. Саркеева, 11/1, Дом культуры.

Ссылка на онлайн подключение: **https://us04web.zoom.us/j/7091950906?pwd=gKYin1XOBHSyqtZkDSRpi5qYTEwc5E.1**

**Идентификатор конференции: 7091950906**

**Код доступа: K6scND**

**Инициатор намечаемой деятельности:** АО «КазТрансОйл», БИН 970540000107, г. Астана, пр. Туран, 20, e-mail: Klimov@kaztransoil.kz; тел.: 8-7102-770-240.

**Разработчик:** филиал ЦИР АО «КазТрансОйл», БИН 000941000473, г. Павлодар, Северная промзона, e-mail: **G.Abdykalikova@kaztransoil.kz;** тел.: **8-7172-791-609**.

**Материалы проекта и фото объявления о проведении общественных слушаний размещены на сайте:** Министерство экологии и природных ресурсов РК **https://ndbecology.gov.kz/**

**Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу:** г. Жезказган, район Старого аэропорта, ЖНУ АО «КазТрансОйл», e-mail: Klimov@kaztransoil.kz; тел.: 8-7102-770-240.

**Замечания и предложения принимаются:** Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов **https://ndbecology.gov.kz/**, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» г. Жезказган, ул. Тарадая, 2, тел.: **8-7102-41-18-95**, e-mail: **ulytau.obl_priroda@mail.ru**.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі **«Ұлытау облысының 2026-2028 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары»** жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 23 маусым күні, сағат 11:00-де Ұлытау облысы, Жезқазған қ., Ғарышкерлер көшесі, 35** мекенжайында өтеді.

Құжаттама келесі сайттарда орналастырылған: **https://hearings.ndbecology.gov.kz** және «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің ресми интернет-ресурсында **https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytauupr/documents/1?lang=kk** .

Жоба материалдарымен бірыңғай экологиялық порталда танысуға және өз ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды енгізуге болады: https://ndbecology.gov.kz/.

Іс-шаралар жоспарының бастамашысы мен құрастырушысы: «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, БСН 220740001543, мекенжайы: **Ұлытау облысы, Жезқазған қ, Ғарышкерлер көшесі, 15, тел. 8 705 334 69 69 , e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru**

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта және нөмір арқылы алуға болады: **Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 15. Тел. 87053346969, электрондық пошта: ulytau.obl_pripoda@mail.ru,** басшы – Құсайынов Е.Ғ.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:

Конференцияға қосылу Zoom **https://us06web.zoom.us/j/89414348176?pwd=pse4J147tUpZyeeKb6nSQ30TK4eMGj.1**

Идентификатор конференции: **894 1434 8176**

Код доступа: **753487**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту **«План мероприятий по охране окружающей среды области Ұлытау на 2026-2028 годы».**

Общественные слушания состоятся **23 июня 2026 года в 11:00 часов** по адресу: **область Ұлытау, г. Жезказган, ул. Ғарышкерлер, 35.**

Документация размещена на сайтах: **https://hearings.ndbecology.gov.kz** и на официальном интернет-ресурсе ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» **https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytauupr/documents/1?lang=ru.**

С материалами проекта можно ознакомиться и внести свои замечания и предложения на Едином экологическом портале: **https://ndbecology.gov.kz/.**

Инициатор и разработчик плана мероприятий: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», БИН 220740001543, адрес: **область Ұлытау, г. Жезказган, ул. Ғарышкерлер, 15, тел. 87053346969, e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.**

Дополнительную информацию по проектной документации можно получить по адресу: **область Ұлытау, г. Жезказган, ул. Ғарышкерлер, 15, тел. 87053346969, электронная почта: ulytau.obl_priroda@mail.ru**, руководитель – Кусаинов Е.Г.

Интернет-ссылка для подключения:

Подключиться к конференции Zoom **https://us06web.zoom.us/j/89414348176?pwd=pse4J147tUpZyeeKb6nSQ30TK4eMGj.1**

Идентификатор конференции: **894 1434 8176**

Код доступа: **753487**

**Азаматтардың қаралған өтініштері, жеке қабылдаулар және басқа да азаматтармен өзара әрекеттесудің түрлі формаларын қарастыру тәжірибесі көрсеткендей, қоғамда сот билігінің рөлі, оның тәуелсіздік принциптері және сот актілерін қайта қараудың заңда белгіленген тәртібі туралы толық түсінік жетіспейді.**

# Азаматтар мен өзара әрекеттесу мәселелеріне қатысты сот актілерін апелляциялау мәселелері және сот билігінің тәуелсіздігінің негіздерін түсіндіру қажеттілігі

Көп жағдайда азаматтар өкілді және атқарушы органдардың құзыретінен тыс үміттерге ие болады *(сот шешімін түсіндіруді сұрау, істі қарауға әсер ету немесе сот шешімін заңда көзделген тәртіптен тыс қайта қарауды қамтамасыз ету сияқты сұраныстар)*. Мұндай жағдайлар сот мемлекеттік биліктің **тәуелсіз тармағы** екенін және тек белгіленген процессуалдық ережелерге сәйкес әрекет ететінін толық білмеуден туындайды, ал сот актілерін қайта қарау мәселелері тек соттың өз құзыретіне жатады. Осы жағдайда негізгі міндет сот жүйесінің қалай ұйымдастырылғанын және азаматтар үшін қандай процессуалдық тәсілдер қолжетімді екенін **дұрыс түсіндіру.**

Мұндай жағдайларды дұрыс түсіндіру үшін сот билігінің мәртебесін анықтайтын негізгі ережелерге сүйену қажет. Конституцияның 3-бабына сәйкес, мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлініп жүзеге асырылады, олар өзара әрекеттеседі, бірақ тәуелсіз болып қалады. Конституцияның 75-бабы Қазақстан Республикасында **әділеттілікті** тек соттар жүзеге асыратынын бекітсе, 77-бап соттардың **тәуелсіз** екенін, тек Конституция мен заңдарға бағынатынын және сот әрекетіне араласу **мүмкін еместігін**, сондай-ақ жауапкершілікке әкеп соғатынын көрсетеді.

«Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заң аталған нормаларды дамытып, судьялардың тәуелсіздігіне кепілдіктерді бекітеді.

Маңыздысы, Конституция әрбір азаматқа **соттық қорғау құқығын** кепілдік береді, оның ішінде сот шешімдерін заңда белгіленген тәртіппен қайта қарау мүмкіндігі бар. Сонымен бірге, Конституциялық Кеңес өз құқықтық ұстанымдарында бұл құқық абсолютті емес екенін және заңмен белгіленген процедуралар мен шарттар шеңберінде жүзеге асатынын бірнеше рет атап өткен. Құқықтың болуы талаптардың автоматты қанағаттандырылатынын немесе шешімнің қайта қаралатынын білдірмейді, яғни сот дәл заңмен белгіленген процессуалдық ережелер шеңберінде дәлелдерді бағалайды.

Яғни, сот актілерін қайта қарау тек процессуалдық кодекстерде қарастырылған механизмдер арқылы жүзеге асырылады және тек соттармен орындалады.

Процессуалдық кодекстер келесі апелляциялық формаларды қарастырады:

• **апелляциялық шағым:** шешім заңды күшіне енбей тұрып істі мән-жайына қарай қайта қарау (ГПК 52-53-тарау; АППК 25-27-тарау; УПК 48-49-тарау);

• **кассациялық шағым:** күшіне енген актілердің заңдылығын тексеру және елеулі бұзушылықтарды жою (ГПК 54-тарау; АППК 169, 169-1-баптар; УПК 52-тарау);

• **жаңа немесе қайта ашылған мән-жайларға байланысты қайта қарау,** егер бұрын объективті түрде белгісіз фактілер пайда болса (ГПК 55-тарау; АППК 170-бап; УПК 53-тарау).

**Прокуратураның** осы жүйедегі рөлі де нақты анықталған. Прокурор протест білдіруге құқылы, бірақ сот шешімін өз бетінше өзгерте алмайды.

Осыған байланысты, әділет органдарының қызметкерлері бірізді алгоритмді сақтау маңызды. Азаматтың өтінішіне жауап бергенде мемлекеттік органдардың сотқа араласу құқығы жоқ екенін, сот актісін бағалай алмайтынын, «қарастыруды», «әсер етуді» немесе «шара қолдануды» сұрап сотқа жолдамаларды жібере алмайтынын түсіндіру қажет. Оның орнына апелляциялық немесе кассациялық инстанцияға шағым беру тәртібі, мерзімі және **процессуалдық мүмкіндіктерді түсіндіру керек,** азаматқа қолжетімді механизмдерді көрсетіп, өз құзыретінің шегінен шықпай көмек көрсету қажет.

Қабылдауларда туындайтын типтік сұрақтар әдетте сот шешімін жою, істі қайта қарау немесе «жағдайды судьяға түсіндіру» мүмкіндігіне қатысты болады. Мұндай жағдайларда сот актілерін қайта қарау мәселелері тек сотпен және тек процессуалдық формада шешілетінін түсіндіру қажет.

Ең бастысы, әділет органдары осы бағытта жүйелі құқықтық-түсіндіру жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

Соттың тәуелсіздігі билік ұйымдастыру принципі ғана емес, сонымен қатар азаматтың құқықтарын нақты қорғаудың кепілі. Конституциялық Кеңес тиімді соттық қорғау тек әділет соттан тыс ықпалдан еркін болған жағдайда мүмкін екенін бірнеше рет атап өтті. Азаматтарға конституциялық принциптер мен процессуалдық механизмдерді түсіндіру арқылы әділет органдары сот жүйесін дұрыс түсінуге көмектеседі, негізсіз үміттер санын азайтады және заңмен қарастырылған қорғау тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Әділет органдарының қызметкерлеріне **азаматтарға соттардың тәуелсіздігінің конституциялық негіздерін,** сот актілерін апелляциялаудың заңда белгіленген тәртібін және мемлекеттік органдардың құзыреті шегін **түсіндіруде** жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйенуге кеңес беріледі.

Бірізді ұстаным қолдану азаматтарды заңда қарастырылған қорғау механизмдерінде дұрыс бағдарлауға, түсіндіру тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге және халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді.

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Сембек Досқабылұлы Мыңбаевтың атына Қарсақбай КТМ-дан берілген мал шаруашылығы фермасының механизаторы (№0074225) дипломы жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

## ДҮЙСЕНБІ 25 МАМЫР

### QAZAQSTAN

5:35 «Көңіл толқыны». 6:10 «Көршінің қызы». 7:00 «Tańsholpan». 9:00 «Қыздың жолы». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Менің атым Қожа». 14:55 «Апта» сараптамалық бағдарламасы 15:35 «Ақорда» 15:50 «Біздің сынып». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Гүлдер сыры». 21:25 «Қыздың жолы». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 0:10 Ақпарат. 0:40 «Қазір айтайық». 1:30 «Ашық алаң». 2:15 «Қызық екен...». 2:55 «Көршінің қызы».

### ХАБАР

5:00 «Фатмагүл». 7:00 «Оян!» 9:00 М/с «Турбозавры». 10:00 «Эшрефтің арманы». 12:00 «Cover Show». 14:00 «Әлеумет». 14:30 «Көзқарас». 15:00 «Крид: Наследие Рокки». 17:00 «Мечта Эшрефа». 19:00 Новости. 19:30 Жаңалықтар. 20:00 «Эшрефтің арманы». 22:00 «КешREC». 23:00 «Крид 2».

### АСТАНА

06:00 «Шаншар». 09:00 «Үкім 2». 10:10 «Гүлжемал». 11:30 «Бажа». 12:10 «Дастиш фантастиш». 13:50 «Шымкент шоу». 14:20 «Зу-зу Күлпаш». 15:35 «Ана». 16:40 «Алпарслан 2». 17:30 «Ханзада Жумонг». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Гүлжемал». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:20 «Ханзада Жумонг». 00:40 «Алпарслан 2».

### КТК

7:05 «Әнім сен едің». 8:00 «Өмір-сынақ». 9:40 «Реальная мистика». 13:40 «Реванш». 16:30 «Дворняжка Ляля». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:30 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Клан ювелиров». 23:40 «Шеф-7». 1:40 «Дворняжка Ляля». 3:10 «Өмір-сынақ». 4:25 Кешкі жаңалықтар. 4:50 «КТК қоржыны». 5:30 «Әнім сен едің».

### 7-АРНА

6:02 «Ата-ана. Бала-шаға» 7:00 «Үзілген жапырақтар». 8:50 «Әңгімесі ауылдың...». 10:00 «Алыс шаһар». 11:00 Телесериал. 12:00 Телесериал. 13:00 Жаңалықтар. 13:15 Новости. 13:30 «Әмірші әйел». 15:00 «Тойхана». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Ветреный». 21:00 «Далекий город». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:30 «Тәуіп Хо Жун». 0:50 Жаңалықтар. 1:15 Новости. 1:40 Телесериал. 3:10 «Гүл-гүл шоу». 3:50 «Жарқыраған жұлдыз». 4:20 «Жұлдызды шаңырақта». 5:00 Жаңалықтар. 5:25 Новости.

### ҰЛЫТАУ

08.00 ҚР Әнұраны. 08.00 «Таңғы жаттығу». 08.05 «Ертең» таңғы бағдарлама. 08.45 «Ұлт мақтанышы» д/ф. 09.15 Фильм.. 11.00 «Руханият».. 11.35 «Өмір-ай» фильм.. 13.00 «Бақытынды аяла» фильм.. 15.00 «ULYTAU ақпарат» күндізгі жаңалықтар.. 15.15 «Почему умирает каспийский тюлень?» 15.30 «Ұлт мақтанышы» д/ф. 16.00 Еске алу. 16.15 «Руханият». 16.50 «Менің атым Қожа» фильм. 18.35 Еске алу. 18.50 «Беймәлім Алаш» д/ф. 19.30 «Шарапат». 19.45 «Телебалапан». 20.00 «Алаш алыптары» д/ф. 20.30 «ULYTAU ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 21.00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21.30 «Рауан» т/х. 23.30 «ULYTAU ақпарат» қорытынды жаңалықтар. 24.00 ҚР Әнұраны.

### 31-АРНА

06:00 «Әзіл студио». 06:30 «Ризамын». 07:00 «Тәтті шоу». 08:00 «31 әзіл». 09:00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге». 09:30 М/с «Губка Боб». 10:00 М/с «Пингвины Мадагаскара». 10:50 М/с «Кунг-фу Панда». 11:40 «Заманback». 13:40 «Между небом и землёй». 15:40 «Неудержимый». 17:30 «Человек-паук». 20:00 Информбюро. 21:00 «Час расплаты». 23:20 «Красная жара». 01:20 «31 әзіл». 02:40 «Time Vine». 03:00 «TikTok Show». 03:20 «What's Up?». 04:00 «Әзіл студио». 04:20 «1001 Әзіл». 04:30 Телевикторина «Bala Battle». 05:00 «What's Up?». 05:20 «Ризамын».

## СЕЙСЕНБІ 26 МАМЫР

### QAZAQSTAN

5:35 «Көңіл толқыны». 6:10 «Көршінің қызы». 7:00 «Tańsholpan». 9:00 «Қыздың жолы». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Жалған өмір». 14:20 «Гормондар балансы». 14:45 «Жарқын жүздесу». 15:50 «Біздің сынып». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:25 Ақша әліппесі. 20:30 «Гүлдер сыры». 21:25 «Қыздың жолы». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 0:10 Ақпарат. 0:35 Ақша әліппесі. 0:40 «Қазір айтайық». 1:20 «Ашық алаң». 2:05 «Қызық екен...». 2:55 «Көршінің қызы».

### ХАБАР

